




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunaigaz_jsc

№09 (167), ҚАЗАН, 2023

Oil Services
CompanyOil
Construction
CompanyMANGISTAU ENERGO MUNAY
жұмырлалық энергетикалық компания - joint venture with Enel Italy

Ойл Транспорт Корпорейшн

M.COM
munaitelcom«ЖЕТІБАЙМҰНАЙГАЗ»
«ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ

ЖОҒАРЫ БІЛІКТІЛІК - ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ



17 қыркүйекте «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Үздік маман» - 2023 кәсіби шеберлік байқауының жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 19 компанияның 157 қызметкері үздіктердің үздігі атануы үшін тартысты. Аталған додада 4 қызметкеріміз жүлделі орындарға ие болды.

«Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨК-1 5-дәрежелі слесарь-жөндеушісі Абдол Бижанов слесарь-жөндеушілер арасындағы байқауда жеңімпаз атанды. Екінші орынды өз номинациялары бойынша «Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ ҒЗЖӨЖЦ 4-дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы Айбек Жұрымбаев, «ҚМГ» ӨБ 4-дәрежелі ҚҚҰЦ операторы Айболат Қалмағамбетов, «ЖМГ» ӨБ МГӨК-3 5-дәрежелі Мұнай және газ өндіру операторы Ерлан Оразалиев еншіледі.

Келесі күні байқау жеңімпаздарын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы қабылдады. Мұрат Мұстафаев пен Сю Шиго кәсіби сайыстың қатысушыларын тамаша жетістіктерімен құттықтап, жаңа еңбек жеңістерін тіледі.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Мұнайшылар өз тәжірибесін бөлісті

15 қыркүйек күні Қ.Сыдықов атындағы Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасында студент жастармен кездесу өтті. Кездесуге «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ геология және кенорындарын игеруді талдау бөлімінің бастығы Арғынбек Спанов, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев, Қазақстан жер қойнауының құрметті барлаушысы, «Құрмет» орденінің иегері, ардагер мұнайшы Жолдас Тоқжанов қатысты.

Жиынды ашқан атақты мұнайшы Ж.Тоқжанов ұйымдастырушыларға алғыс айта отырып, Жетібай кенорының тарихын, 1961 жылы 6 ұңғымадан атқылаған мұнай бұрқағын ауыздықтаған Н.Петров жетекшілік еткен бригаданың жанкештілігін, ерлік ісін кеңінен әңгімелейді.

Өз кезегінде А.Спанов Қаламқас кенорының өндірістік әлеуеті туралы сөз қозғап, болашақ жас мамандарды білім жетілдіріп, кәсіп игеруді мақсат етіп қоюға шақырды. М.Батыршаев компанияның әлеуметтік саясаты тек қана өз мұнайшыларының ғана емес, бүкіл түбек халқының, ауыл-



аймағының мұң-мұқтажын шешуге арналады деді.

Білікті мұнайшылардың өмірлік тәжірибесін ұйып тыңдаған жастар мұнай-газ саласына қатысты сұрақтарын қойып, естелік суретке түсті.

Жиын соңында аталған кітапхананың техникалық әдебиет бөлімінің меңгерушісі Гүлшат Сақтағанова бүгінгі іс-шара мұнай-газ, геология саласында білім алып жатқан түлектерге әрі қызықты, тартымды кеш болғанын атап өтті.



ТАҒАЙЫНДАУ

Конкурстың қорытындысы бойынша Басқарманың 25.09.2023 жылғы №910-к бұйрығымен Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры болып Бауыржан Бергенұлы Ләтіп тағайындалды.

Бауыржан Ләтіп 1981 жылы 26 қаңтарда Маңғыстау облысында дүниеге келген.

2001 жылы Маңғыстау политехникалық колледжін «Мұнай және газ кенорындарын пайдалану» мамандығы бойынша үздік тәмамдаған.

2007 жылы Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетін «Мұнай және газ кенорындарын игеру және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген.

Бауыржан Ләтіп еңбек жолын 2001 жылы «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ МГӨК-1 3,4-ші дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы болып бастады. Бұдан әрі МГӨК-1 технологтың міндетін атқарушы, мұнай және газ өндіру шебері болып қызмет атқарды.

2007-2016 жылдары Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау басқармасының Қауіпсіздік және еңбекті қорғау тобының Қаламқас кен орны бойынша техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау инженері, Қаламқас, Жетібай кен орындары бойынша Қауіпсіздік және еңбекті қорғау тобының басшысы қызметтерін атқарды.

2013-2014 жылдары «ҚМГ Қашаған Б.В.» АҚЖК-сы арқылы «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ-ның Солтүстік Каспий жобасы шеңберінде халықаралық тағылымдамаға дайындықтан өтті.

2016 жылдың ақпан айынан бастап Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы болып қызмет атқарды.

Жанұясында зейнеткер ата-анасы бар, үйленген, 3 бала тәрбиелеп отыр.



Келелі кездесу – бір мақсат, бір үміт



Таяуда «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында құрылған Әйелдер энергетикалық клубы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының кен орындарында жұмыс істейтін әйел жұмыскерлермен кездесу өткізді. Аталған кездесу гендерлік саясатты дамытуды қолдауға, Қоғамда құрылған әйелдер қауымдастығының клубын таныстыруға арналған.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қарқынды үлес қосып отырған мұнай саласында істейтін әйелдердің рөлі де ерекше. Өйткені

олардың көбі жаздың аптап ыстығына шыдап, қытымыр қыстың суығына төзіп ер азаматтармен тең дәрежеде еңбек етіп жүр.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаржы департаментінің директоры, қоғамның Әйелдер энергетикалық клубының төрағасы Ш. Ильмуханбетова сөз алып, клубты құрудың мақсаты мен міндеттерін түсіндіріп, энергетика саласындағы гендерлік саясатты дамыту үшін энергетика секторының өкілдерін біріктіру, осы саладағы әйелдердің рөлін күшейту және олар үшін мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ ашық диалог алаңын құру екенін айтып өтті.

Қазіргі заман әйелдерге отбасында да, жұмыста, қоршаған ортада белсенді болуды талап етеді. Әйел – отбасының ұйытқысы әрі тірегі болса, мемлекеттің де тірегі. Компаниямыздың қалыптасуында еңбекқор әйелдердің еңбегі ерен.



Жиналғандар арасынан компанияның ерекше балаларды лагерьге жіберу мүмкіндігін қарастыру, әйел жұмыскерлерді біліктілік курстарына, оқытуларға жиірек жіберу жөніндегі ұсыныстар түсті. Олар клуб мүшелері таратқан сауалнамаларды толтырып, нәзік жандылар үшін жасалып жатқан игі бастамаларға сәттілік тіледі.

2023 жылғы 2-4 қазан аралығында Астана қаласының EXPO Конгресс орталығында Энергетика және мұнай-газ индустриясында бірнеше ірі оқиғаларды дәстүрлі түрде біріктіретін,

әлемнің 50-ден астам елінің 300-ден астам компаниясынан келген 205 мыңнан артық делегатының назарын аудартаын ауқымды Kazakhstan Energy Week-2023 (KEW-2023) / XV KAZENERGY Eurasian Forum өтті. Каспий және Орталық Азия өңірлерінде энергетикалық сектордың басты халықаралық оқиғасы болған іс-шараға компаниямыздың Әйелдер энергетикалық клубының мүшелері де қатысып, тәжірибе алмасты.

ӘҚД аудармашысы
Айсұлу Мұханова



Елге сіңген еңбегі

Өткенге ой салып, ертеңді екшеп, бүгінгі күнге көз салар болсақ өткен тарих беттерінде мұнай саласында ел ықыласына бөленген есімдер мыңдап саналады. Еліне, халқына әркім әр түрлі жолмен пайда тигізеді. Біреу батырлығымен, енді біреу шешендігімен танылады. Жақсы адам жайында жазсаң жаның жадырап, ойың тазарып, құдды бір жоғың түгенделгендей күй кешесің. **Қалдыбек Жәнібеков – елге сіңген еңбегімен, әкелік парызын абыроймен өтеп, жолдас-жораларының алдында беделге ие болып, қызметін адал атқарып жүрген жандардың бірі.**



Ол Шайыр ауылының тумасы. 1987 жылы өндірістегі алғашқы еңбек жолын Қаражанбасмұнай мекемесінде операторлықтан бастады. Аталған мекемеде табандап жүріп тәжірибе жиған ол 1996 жылы «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік бірлестігіне ауысады. Міне, осы сәттен күні бүгінге дейін компанияның аса жауапты саласының тұтқасын ұстап, өз міндетін үлкен абыроймен атқарып келеді.

Бүгінде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестігінде 2009 жылы ашылған газ шаруашылығын пайдалану және жеткізу цехы ұжымының арқалаған жүгі ауыр. Кейіпкеріміз мұнда технологиялық қондырғылар машинисі болып жұмыс істейді.

– Жас кезімізден мұнай-газ саласында еңбек еттік. Аға буын мамандардан үлкен тәжірибе жидық, ізімізден ерген жастарға сол білгенімізді, жиғанымызды үйретуге тырысып жүрміз. Өндірістегі ең маңызды нәрсе – ұжым болып бірлесе жұмыс істеу. Сонда ғана нәтижеге қол жеткізесің. Біздің цехта осындай тонның ішкі бауындай етене жақын жұмыс істейтін 60-70 адам бар. Машинист маманы мұнаймен бірге келетін ілеспе газды тазалап, әртүрлі қондырғылардан өткізіп, компрессор арқылы Өзен газ зауытына жеткізумен айналысады. Мен осы мамандықты Ақтаудағы политехникалық колледжде оқыдым. Бұл кәсіп тікелей газбен байланысты болғандықтан қауіптілігі

де, жауапкершілігі де жоғары. Цехтағы әр қызметкердің орны ерекше, ұжым ауызбірлігінің арқасында жұмысымызды ақсатпай, жоспарды ойдағыдай орындап, алға қадам басып келеміз, – дейді Қалдыбек Жәнібеков.

Қалдыбек аға отбасы шаруасына, бала тәрбиесіне де ерекше көңіл бөледі. Бүгінде жұбайы екеуі үш ұл, бір қызды тәрбиелеп, өсіріп отыр. Олардың баянды болашағы үшін аянбай еңбек етіп жүрген әке ұл-қыздарының мамандық таңдауда қателеспейтін тілейді.

Биыл 60 жылдығын атап өткен Маңғыстау мұнайының қарашаңырағы – «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының мерейлі мерекесі қарсаңында барша мұнайшы қауымға ақжарма тілегін де білдірді.

– Биыл Маңғыстау мұнайының үлкен мерейтойы. Әріптестерімді кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Отбасылары аман, дендері сау, жұмыстары жемісті болсын, – деп сөзін тәмамдады.

Елге еткен қызметтің үлкен-кішісі болмайды. Әркім өз орнында, өз қалқадірінше халыққа қызмет етсе – сол елдің қадірлісі болып қала береді. «Жылқы кісінескенше, кісі сөйлескенше» демекші, мұнайшы ағамен сөйлесу барысында жүрегі кең, байсалды, ақкөңіл азамат екенін білдік. Тындырған жұмыстарына тоқмейілсіп көрмеген ол үнемі ізденіс үстінде жүреді. Тындырғанынан тындыратыны алда.

Адал еңбек абыройға бөлейді

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасына қарасты пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау жөндеу цехы бүгінде жер астына қысыммен су айдайтын сорғыларды және станок-качалкалардың балансиерлерін жөндейтін жалғыз цех. Аталған цех мұнай қыздыратын пештерді жылытатын 4 секциялы қондырғыларды жасауды өз міндетіне алған. 80 адам жұмылдырылған цех таңғы сегізден бастап қызу жұмысқа кіріседі. Жүйкеңді жейтін зырылдаған станоктардың қасына қамалып, көк түтінге бой үйреткен жұмысшылардың еңбегін ерлік демей көр. Әрқайсысы – өз ісінің нағыз майталманы. Соның бірі – Қамысбай Егізеков.

Қамысбай Егізеков 1966 жылы Түркменстан республикасы, Көне-Ургенч поселкесінде туған. Елге қоныс аударған соң Жаңаөзен қаласындағы №4 орта мектепте білім алады. Кейін ҚКТУ №162 орта кәсіптік-техникалық училищесін 1984 жылы III дәрежелі слесарь-сантехник, газ дәнекерлеуші мамандығы бойынша тәмамдайды.

Сол жылы «Комсомольскнефть» деп аталған тұста еңбекке араласқан 18 жастағы бозбала талай мықтылармен үзеңгі қағыстырып, ел дамуына үлес қосқанын қимастықпен еске алады. Бүгінде атынан ат үркетін мықтылардың алдын көргенін абырой санайды. Қамысбай ағамен сырлы сұхбатымыз осылай басталды.

Бүгінде дәнекерлеу саласының қыр-сырын әбден жетік білетін аға маман бұл кәсіпте төзімділік, табандылық, ептілік аса қажет екенін шегелеп айтты.

– 40 жылдан аса еңбек жолымда бірнеше жұмысшыға тәлімгер болдым. Олардың ішінен Айболат Сейітов, Рүстем Баймұханов сынды ізбасар мамандарды ерекше атап өтер едім. Дәнекерлеуші – жоғары біліктілік пен шеберлікті ұштастыратын мамандық. Электр немесе газ арқылы металдан жасалған бөлшектерінің метал құрылымдарын дәнекерлейміз. Жұмыста өндірістік қауіпсіздік ережелері қатаң сақталады. Қазір өндірістегі ахуал айтарлықтай өзгерді. Кенорындарындағы бұрынғы кезең мен қазіргі кездің арасында үлкен айырмашылық бар дер едім. Қазір біздің цехта заманға сай жаңа технологиялар,

дәнекерлеу аппараттары, тағы да басқа мұнай өндіруге қажетті жабдықтар мол. Бұл жұмыстың өнімді әрі тиімді жүруіне көп ықпал етеді, – дейді еңбек адамы.

Қамысбай Егізековтің туған екі ағасы да – өндіріске өмірін арнаған абыройлы жандар. Үлкен ағасы Тілектес Жұмаев «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасының жетекші энергетигі болып жұмыс істеп, зейнетке шықса, екінші ағасы Қалпақбай Жұмаұлы Жаңаөзендегі Бұрғылау басқармасының диспетчерлік қызметтің басы-қасында.

Өзі де құрметтен құралақан емес. 2016 жылы Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы және «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының құрылғанына 50 жыл толуына орай Құрмет грамотасын қолына алса, әрмен қарай Қаламқас кенорының 40 жылдығына орай «Ерен Еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталыпты. «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Мұнай саласына сіңірген еңбегі үшін» деген марапаттар – маңдай тері мен адал еңбегінен тапқан несібесі. Еңбегі берекелі, тұрмысы бақуатты Қамысбай Егізеков үш қыз бір ұлдың әкесі. Бүгінде Құдай қосқан қосағы Гүләр Бердиевамен бақуатты күн кешкен, шаңырағы ынтымақ пен бірлікке ұйыған жанұя. Тұңғыш қыздары Әл-Фараби атындағы ұлттық университетте білім алып, бүгінде шетел компаниясында жұмыс істесе, екінші қызы биыл 11 сыныпты тәмамдады.



Әлқисса... 40 жылдық еңбек ғұмырнамасында «Тәртіпке бас иген - құл болмайды» деген тәмсілді құп көретін жайсаң мінезді жақсы ағаның Алла жазса бейнетінен зейнеті де жақын. Қамысбай Егізековтің өз ұжымында абырой-беделі, алар орны елеулі. Азаматтың бағы әп-сәтте... Маңдай тер, адал еңбектің шыңға шығаратынын осыдан көр!

ЖАННАТ Нұрғали

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Кейіпкер келбеті

«Жетістікке жетуге ұмтылма, пайдалы болуға тырыс»



Альберт Эйнштейннің «Жетістікке жетуге ұмтылма, пайдалы болуға тырыс» деген сөзін өмірлік ұстанымы етіп алған Қансұлу өзінің Жетібай кенорнының өсіп-өркендеуі жолында үлес қосып жүргенін мақтаныш етеді. Мұнайгаз өндірісіне 1982 жылы 18 жасында келген ол күні бүгінге дейін «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестігіне қарасты №1 мұнай және газ өндіру цехында аянбай еңбек етіп келеді.

– Өндіріске аяқ басуыма анамның ықпалы болды. Ол кісі 18 жасынан осы «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының токарь цехында ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Атадан алты баламыз, төрт ағам, бір апам бар. Ең алғаш жұмысқа қосылған кезде «Жетібаймұнайгаз» өндірістік бірлестігінің МГӨК-1 №18 топтық қондырғыға түстім. Сол топтық қондырғыда мені алғаш Жолекен Байжауынова деген апам қарсы алып, жұмыстың мән-жайын, өндірістің қыр-сырын үйретті. Қазір ол кісінің жасы 87-ге келді, әлі күнге хабарласып тұрамыз, - дейді кейіпкеріміз.

Оймашыдағы №5 бригада құрамында ширек ғасырға жуық табандап жүріп тәжірибие жиған маман тәулігіне 343 мың текше метр қара алтын өндіретін цехтың жай-күйіне кеңірек тоқталды:

– Ол кезде автоматты қондырғы, құрал-жабдық деген атымен жоқ, көп жұмыс қолмен жасалатын. Насостарды, ұңғымаларды қолмен қосамыз. Тіпті байланысатын құралдың өзі қазіргідей емес, қабырғаға ілінген үлкен қара телефон еді. Қазіргідей өндіріске арналған киімдер де қат кез еді. Әйтсе де елге, жерге болсыншы деген жанашырлық басым болды. Ұжымда қазіргі таңда 35 адам қанаттасып қызмет істейді. Біз өзімізге жүктелген міндеттерді сүйіспеншілікпен атқара жүріп,

үлкен жауапкершілікті арқаладық, - дейді еңбек адамы.

– 21 жасымда бір әулеттің түтінін түтеттім. Ата-енем өте тәуір, жақсы жандар еді. Сол кісілердің қарайласып, қолдауының арқасында өндірістен қол үзбедім. Оның үстіне жұмыстағы кезек күттірмейтін қалың қарбалас «мен әйелмін» деген нәзік жаратылысыңа қарап жатқан жоқ. Цехтың табалдырығын аттағаннан-ақ тікеңнен тік тұрып қызмет ететін 12 сағаттық тіршілігіне еніп жүре бересің. Жалқаулықты жақтырмайтын кәсіптің қиындығы мен қызығын қатар көріп жүрміз, - дейді Қансұлу апа.

Бүгінде адал еңбекпен тапқан марапаттары шаңырағының төрінде өндіріс жәдігеріндей жарқырап тұр. Құдай қосқан қосағымен 1 ұл, 2 екі қыз тәрбиелеп, немере сүйіп отырған бақытты шаңырақтың отанасы келер күннің берер ырзығы толастамауын тілейді.

«Ізгілік дегеніміз – өзің және үрім-бұтағыңа игілік болып даритын адал еңбек» – дейді дана Әбіш. Сол секілді ел мен жердің, отбасы игілігі үшін Маңғыстаудың ала топырақ дауылы мен шекенді шағатын ыстығына дес бермей адал қызмет істеп жүрген еңбек қаһармандарын қалай мадақтасақ та жарасады.

Жаннат НҰРҒАЛИ

Өрт қауіпсіздігі – өз қауіпсіздігің

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментіне қарасты Өрт қауіпсіздігі қызметінің алдына қойған басты мақсаты - өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды қамтамасыз ету арқылы адамдардың өміріне, денсаулығына төнетін қауіптерді және Қоғамның мүліктеріне келетін шығындарды мейлінше азайту.

Өрттің негізгі шығуына басты себептер – адами фактор, соның ішінде дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережелері талаптарын сақтамаудан, тоқ жүйелерінің қысқа тұйықталуынан, белгіленбеген жерде темекі шегуден туындайды. Өрт салғырттық пен бейқамдықтың кесірінен шығады. Адамдар қай жерде болмасын ең алдымен қауіпсіздік ережелерін сақтағаны жөн. Ал егер аяқ астынан өрт оқиғасы бола қалса, сабыр

сақтаңыз. Сабырдан айырылған адам өзінің не істеп, не қойғанына есеп бере алмай қалады. Бірінші кезекте «101» өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалып, мекен-жайды дәл айтыңыз. Сонан соң, мүмкіндік болса, қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге тырысыңыз, болмаған жағдайда қауіпсіз жерге шыққаныңыз абзал. Көп жадайда адамдар өртке қарсы қызметке хабарламастан, өртті өздері сөндіруге тырысады. Осылайша уақытты өткізіп алады, өрт дес бермей кеткенде барып, көмекке жүгінеді. Бұл - үлкен қателік. Әр істің нәтижелі болуы, оны нағыз маманның орындағанына байланысты екенін әрқашанда есте сақтауымыз керек.

Әрдайым өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтап жүрсек, денсаулығымыз бен өмірімізге араша боламыз.

ЕҚЖЕК, ҚОҚД
Өрт қауіпсіздігі қызметі



Сенбілік - тамаша дәстүр



сенбіліктер болса біздің, қала тазалығын сақтауға тамаша мүмкіндік беретін, игі дәстүріміз.

Сенбілік соңында компания қызметкерлері тағы бір тамаша шараға – спорттық жарысқа қатысты. Қызметкерлерді ортақ іске жұмылдыру - ұжымды біріктірудің керемет амалдарының бірі екені баршаға мәлім. Сенбілік те, спорттық ойындар да ұжымның ынтымағы мен корпоративтік рухын көтерудің және команданы біріктірудің тамаша тәсілі.



30 қыркүйекте «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ орталық аппаратының қызметкерлері «Дүниежүзілік тазалық күніне» арналған қоршаған ортаны қорғау акциясы аясында Ақтау жағалауының аумағын қоқыстардан тазарту мақсатында сенбілікке шықты.

Жұмыс құралдарымен жарақталған 100-ден астам мұнайшы қаланың жағалау аймағын қоқыс пен тұрмыстық қалдықтардан тазартты. Бірнеше сағаттың ішінде мұнайшылар аумақты толығымен тазалап, қоқыстарды жинап шығарды.

«Ақтау – біздің ортақ үйіміз, біз оған үлкен қамқорлықпен қарауымыз керек», – дейді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ӘҚД жетекші инженері Нұрлан Теңізбаев. – Сондықтан қаланы күтіп, таза, ұқыпты ұстауымыз керек. Ал

СПАСИБО, ДОКТОР!

В рамках 60-летия компании, акционерное общество «Мангистаумунайгаз» организовало благотворительную акцию с участием ведущих специалистов из «Научного центра педиатрии и детской хирургии».



В ходе данной акции жители сел Жетыбай и Шетпе получили возможность пройти бесплатное медицинское обследование и получить консультацию у высококвалифицированных специалистов, специально приглашенных из Алматы. В частности, на базе местных поликлиник прием проводили кандидаты медицинских наук - кардиологи и гематологи, а также хирурги, педиатры, пульмонологи, офтальмологи и др.

В общей сложности с 11 по 16 сентября были осмотрены 584 сельских жителя, в том числе дети.

По итогам обследования специалисты научного центра дали пациентам важные рекомендации по лечению бронхолегочных заболеваний, рахита, анемии,

белково-энергетической недостаточности, пороков сердца и др. Некоторые пациенты после осмотров были отправлены на госпитализацию в республиканские центры в города Астана и Алматы.

- Мы прекрасно понимаем, что здоровье человека всегда на первом месте, поэтому наша компания пригласила квалифицированных специалистов из Алматы, чтобы жители Жетыбая и Шетпе смогли обследоваться и поправить здоровье. Надеюсь, что приезд врачей действительно помог нуждающимся людям, и, конечно же, желаю всем нашим землякам крепкого здоровья и хорошего



самочувствия, не болейте и берегите себя! - сказал руководитель департамента социальной политики АО «Мангистаумунайгаз» Асан Сактапов.



«NEIRON-MED» СООБЩАЕТ:



созданы комфортные условия как для пациентов, так и для медицинского персонала.

На месторождении Каламкас прошло плановое обучение работников, задействованных в сфере общественного питания.

Обучение проводил врач-эпидемиолог клиники «Neiron-Med» Марат Аман.

В ходе данного мероприятия, участникам еще раз напомнили о важности поддержания необходимых санитарных условий на рабочих местах, а также рассказали о приоритетах при разработке меню для вахтовиков (с учетом необходимого разнообразия в продуктах питания).

Подобные обучающие мероприятия являются обязательными для всех работников, ведь знания санитарного минимума необходимы для обеспечения безопасности пищевых продуктов и предотвращения возникновения инфекционных заболеваний.

На днях на месторождении Жетыбай после капитального ремонта открылась врачебная амбулатория. В торжественной церемонии открытия приняли участие руководство ТОО «Neiron-Med» и представители ПУ «Жетыбаймунайгаз».

В ходе капремонта в здании были полностью заменены все инженерные сети, окна, двери, напольное покрытие, крыша и др. Кроме того, была приобретена новая мебель.

Теперь, после капитального ремонта врачебная амбулатория изменилась внешне и внутренне:



Дорогие наши пациенты, сегодня хотим обратить ваше внимание на серьезное заболевание - пневмонию.

Пневмония, воспаление легких, не зависит от времени года и может возникнуть даже летом.

Наиболее распространенные симптомы пневмонии включают в себя:

- Высокую температуру и озноб;
- Кашель с наличием мокроты или крови;
- Затрудненное дыхание и одышку;
- Боль в груди при вдохе или кашле.

Если у вас возникли подобные симптомы, рекомендуем обратиться к нашему пульмонологу, Ахмедовой Жанар Нұрмұханқызы в клинике «Neiron-Med».

Гайморит — это воспалительный процесс, поражающий слизистую оболочку околоносовых пазух и носовой полости.

Причины гайморита:

- Вирусные, бактериальные или грибковые инфекции;
- Аллергия;
- Патологические процессы в ротовой полости;
- Травмы головы, носовой перегородки и слизистой носа.

Лечение гайморита должно быть комплексным: тактика включает медикаментозную терапию, промывание пазух от патогенного содержимого и физиотерапевтические процедуры по назначению лор-врача Жандауовой Жазиры Махмудовны.

Кешегі күн - бүгінгі тарих

«Мұнайлы Өлке» газетіне мұрағат материалдары мен фотосуреттерін, мұнай өнеркәсібінің алғаш ашушылары мен ардагерлерінің естеліктерін және т.с.с шығаруды жалғастырамыз.



6-6



Государственное производственное объединение нефтяной промышленности
„МАНГЫШЛАКНЕФТЬ“

П Р И К А З

23 н 15. апреля 1975г.

" О создании производ-
ственного объединения
"Мангышлакнефть" "

Министерство нефтяной промышленности, во исполнение поста-
новления Совета Министров СССР от 23 августа 1974 года №- 661
" О генеральной схеме управления нефтяной промышленностью " и
в соответствии с предложениями объединения "Мангышлакнефть" и
института "ВНИИОЭНТ", приказом от 25 марта 1975 года №- 143 соз-
дало с 1 апреля 1975 года на базе существующего государствен-
ного производственного объединения нефтяной промышленности
"Мангышлакнефть" производственное объединение " Мангышлакнефть"
(со специальным аппаратом управления) в качестве основного
(первичного) звена промышленности, действующего в соответствии
с Положением о производственном объединении (комбинате), ут-
вержденным постановлением Совета Министров СССР от 27 марта
1974 г. №- 212.


Во исполнение приказа Министерства нефтяной промышленнос-
ти от 25 марта 1975 года №- 143 ПРИКАЗЫВАЮ:

1. Преобразовать с 1 апреля 1975 года самостоятельные пред-
приятия и организации согласно приложению №- 1 в производствен-
ные единицы, включаемые в состав производственного объединения
"Мангышлакнефть";

2. Ликвидировать производственно-техническую базу комп-
лектации оборудования и трубо-инструментального хозяйства.

6.

19. Контроль за выполнением настоящего приказа возложить
на заместителя начальника объединения по экономическим вопро-
сам т. Сарбуфина Т.И.

И.О.Генерального директора
производственного объединения
"Мангышлакнефть"  В.И.ТИМОНИН

8/iv. 75г.
Алексеев
8.04.75

Косов
8/12-75

Сек. зам. зам. зам.
Алексеев
14/iv. 75

Сек. зам. зам. зам.
Алексеев
09.04.75

14/iv. 75г.

14/iv. 75г.

5/нп

Спортивные победы нефтяников

В сентябре в акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» прошли спортивные соревнования, посвященные 60-летию компании.



В соревнованиях по волейболу среди работников на месторождении Жетыбай победу одержала команда ЦДНГ-1, второе место у школы №5 (приглашенная команда), замкнула призовую тройку сборная АУП.

Лучшим связующим турнира по волейболу признан М.Асаев (ДБикРС), лучшим либеро – Ж. Сағынбай (ЦДНГ-2), лучшим нападающим – Н.Оразбаев (ЦДНГ-1).

В соревнованиях по мини-футболу среди работников ПУ «Жетыбаймунайгаз» первенствовали нефтяники ЦППД, второе место завоевала команда ПРЦЭО, третье – ЦДНГ-2.



Лучшим вратарем турнира по мини-футболу стал Д.Манғыбаев (ПРЦЭО), лучшим защитником – Е.Кулчабаев (ЦППД), лучшим нападающим – С.Амангелді (ЦДНГ-2).

На месторождении Калам-кас (I вахта) победителем турнира по мини-футболу стала сборная ЦДНГ-4, серебряную медаль завоевала команда «Ардагер-Каламкас», на третью ступень пьедестала поднялись нефтяники ЦДНГ-2.

Лучшим нападающим стал Б.Нұғыманов (ЦДНГ-4), лучшим защитником – Б.Қоңырбаев (ДКС), лучшим вратарем – Ж.Байтұрғанов (ЦДНГ-2).

В состязаниях волейболистов (I вахта) победителем стала команда ЦДНГ-4, второе место у работников ЦДНГ-2, третье – ЦППД.

Лучший нападающий турнира по волейболу – М.Арманд (ЦДНГ-3), лучший либеро – М.Қонысов (ЦДНГ-1), лучший связующий – К.Есіркепов (ЦДПТГпобеди).

На соревнованиях по волейболу среди нефтяников 2-ой вахты месторождения Калам-кас победу одержали спортсмены ЦППД, второе место у нефтяников ЦДНГ-4, бронзовые медалисты – ЦДПТГ.

Лучший нападающий – А.Ашыққалиев (ЦППД), лучший либеро – Е.Избасаров (ЦДПТГ), лучший связующий – И.Рашидов (ЦДНГ-4).

Также соревнования по волейболу прошли среди работников центрального аппарата АО «Мангистаумунайгаз».



Победу среди волейболистов одержала команда профсоюза Общества, второе место завоевала объединенная команда департаментов Общества, третье место у работников производственно-технического департамента.

Лучший нападающий – А.Рахманұлы (ДКС), лучший либеро – Г.Кайсенова (ДЗиМТС), лучший связующий – Б.Құлмұрынов (профком).

На месторождении Калам-кас (II вахта) победителем турнира по мини-футболу стала команда ЦДПТГ, серебряные медали завоевали нефтяники УПСВ, замкнула призовую тройку сборная ЦДНГ-1.

Лучшим нападающим турнира стал А. Нұрмагамбетов (ЦДПТГ), лучшим защитником – Қ. Есимов (УПСВ), лучшим вратарем – Б.Молдашбаев (ЦДНГ-1).

В соревнованиях по мини-футболу среди работников центрального офиса, победу праздновала команда АУП,

второе место завоевали работники ДСП, третье место у геологов ДГРМ.

Лучшим нападающим был признан Б.Жақыпов (ДАО), лучшим защитником – Т.Ахтамбаев (ТД), лучшим вратарем – Е.Керелбаев (ДТБЮТИООС).

В соревнованиях по плаванию – эстафета 4x50 – победила команда ПУ «Жетыбаймунайгаз» (К.Бисенов, Н.Кусаинов, Е.Құлшабай, Д.Меделханұлы и Н.Есетбаев – запасной), на втором месте объединенная команда ДЗиМТС и ДМиСН (А.Назар, А.Калимов, М.Баймагамбетов, Г.Кайсенов), бронзовые медали завоевала объединенная команда ДАО и СВА (Н.Илмуханбетов, А.Аксин, М.Тумаев, Б.Жақыпов).

Всем победителям и призерам были вручены кубки, дипломы и призы.

От всей души поздравляем участников соревнований и желаем новых спортивных побед!



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

Мұнайшы баласы - әлем чемпионы



Бақырыстың әкесі Нұрлан Дүйсенбаев «Oil Services Company» ЖШС ЦПА-2 машинист-кран жүргізушісі, анасы «Қазпошта» АҚ Маңғыстау облысы

Адам баласы перзентінің болашағынан үлкен үміт күтеді. Осындай арман үмітін үкілеген Ресей, Араб әмірлігі, Европа елдерінен жүлделі орындарды алып, еліміздің мақтанышына айналған талантты ұлдың бірі әрі бірегейі – Бақырыс Нұрланұлы.

филиалының бас экономисі болып қызмет істейді. Әкесі ұлы Бақырысты ерте жасынан еркін күрес, бокс, ММА, Грэпплинг және джиу джитсу спорт үйірмелеріне берген.

Бақырыс 10 жасынан бастап ММА, Грэпплинг және джиу джитсу спорт түрлерімен айналысады. Оның осы спорт түрлері бойынша жеткен жетістіктері де мақтануға тұрарлықтай дүние. Атап айтқанда, ол – ММА, грэпплинг, джиу джитсудан Маңғыстаудың және Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы. Атап айтқанда, 2021-2023 жылдары аралығында Мәскеу, Abu Dhabi қаласында өткен әлем чемпионатының

2 дүркін қола жүлдегері. Европада Польша қаласында 2023 жылы өткен әлем чемпионатының 2 дүркін алтын жүлдегері.

Жас спортшының жігерін жанып, үлкен додаларға қосып жүрген бапкері Амандық Нұрсұлтан шәкіртінің спорттағы жетістіктерін әрқашан мақтан тұтады.

Сонымен қатар Бақырыстың ММА, Грэпплинг, Джиу Джитсудан спорт шеберіне үміткер атағы бар. Бүгінде жас спортшының жарқын жеңісі үшін күнітүн жаттықтырып, қолдау білдірген бапкерлері «Dar team Aktau» спорт

клубының бапкерлері Абилов Азамат, Руслан Пак, Жеңіс Қайранов пен Ақтілеу Аскербайұлына ата-анасының айтар алғысы шексіз. Осы орайда барлық жарысқа жол сілтеп, бағыт-бағдар беріп, қаржылай қолдау білдірген ММА спорт клубы Маңғыстау облысының директоры Нұрбек Мулыковтың еңбегін айтпай кетуге болмас.

«Ең тиімді инвестиция – баланың білім алуына салынған инвестиция» дейді. Олай болса Серіктестік қызметкері Нұрлан Дүйсенбаевқа үлкен додада ел намысын қорғап, қала берді туған Маңғыстауының абыройын асқақтатқан спортшы баланы өсіріп отырғанына алғысымызды жеткізейік. Жарайсың, мұнайшының жеңімпаз баласы!

«Oil Services Company» ЖШС

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Күзгі марафон

Ұжымдық спорт бүгінде көптеген компаниялардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері аталған үрдісті қолдау мақсатында 1 қазанда Ақтауда өткен «MMG RUN DAY» жеңіл атлетикалық марафонына қатысты.

Мұнайшылар ерлер мен әйелдер арасында 5 және 10 км қашықтыққа жүгіруден (аралас құрам) жарысқа қатысты. Нәтижесінде әйелдер арасында 5 км қашықтыққа жүгіруден жеңімпаздар:

1. Гүлмаржан Тұяқбаева, КҚД ҚБҚ техник-жобалаушысы (уақыты – 29.35.38);

2. Қарлығаш Абаканова, ҚД маманы (29.46.18);

3. Гүлдана Сақтапбергенова, еңбек жөніндегі экономист (35.31.80)

Ерлер арасында 5 км қашықтыққа жүгіруден жүлделі орындарды:

1. Елемес Құлшабай, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ машинисі (уақыты – 22.20.25);

2. Абылай Шәріп, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ МДӨЦ бастығының орынбасары (22.59.43);

3. Саламат Төленов, ҚД бухгалтері (25.48.25) иеленді.

10 шақырымдық жарыста жеңімпаз атанғандар:

1. Ерлан Әлібаев, «Жетібай-мұнайгаз» ӨБ ҚҚҰЦ машинисі (уақыты – 45.06.09);

2. Әділ Темірхан, Бас директордың көмекшісі (50.01.40);

3. Ержан Күмісов, БӨАСЖБМҚТ инженер-электронигі (52.00.51)

- Марафон ұйымдастырушыларына алғыс айтқым келеді. Барлығы жоғары деңгейде өтті. Марафон - бұл сіздің күшіңіз бен қабілетіңізді тексеру, әрқашан керемет атмосфера, пікірлес адамдармен және әріптестермен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі. Мен спорт пен салауатты өмір салтының қаншалықты маңызды екенін көрсетуге дайын адамдар санының артып келе жатқанына қуаныштымын, - дейді Гүлмаржан Тұяқбаева.



«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ «ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАРЫ»

- «Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл жазатайым оқиғалар мен өндірістік тәуекелдердің алдын алудың қарапайым, түсінікті және сенімді әдісі.
- Бұл қағидаларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның барлық қызметкерлері мен мердігерлері сақтауға міндетті. «Өмірлік маңызды қағидаларды» ұстану - адам өмірін сақтаудың ең маңызды тәсілі.
- Біздің жұмысшыларымыз, басшылығымыз, қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік құрылымдық бөлімшелер басшылары, сондай-ақ мердігерлеріміз бұл мәселеде жауапкершілікті көрсетеді және осы қағидаларды сақтайды деп сенеміз.
- Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді.



«Өмірлік маңызды қағидалар» бойынша толық ақпарат алу үшін ұялы телефон арқылы QR-code бойынша өтіңіз

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның саясаты келесідей қағидаларды көздейді:



ҚАУІПТІ АЙМАҚТЫ АЙНАЛЫП ӨТУ



ЖАБЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ



КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ



ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ



ОТ ҚАУІПТІ ЖҰМЫСТАРЫ



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



ЖҮК КӨТЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ РҰҚСАТ-ШАҚТАМА



БИІКТІКТЕ ЖҰМЫС ЖАСАУ



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- А. Ақшаева
- Ж. Кемал.

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индекс: 64265

«ADVER» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим.
тел: 8(7292)507000